

**АЛМАТЫ Қ. – «ЖІБЕК ЖОЛЫ» ШОБ СУБЪЕКТИЛЕРІН АЙМАҚТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Bank RBK» АҚ және «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» арасында Алматы қ. Жібек Жолы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін аймақтық қаржыландыру Бағдарламасына қатысу туралы Келісім жасалды

**Әлеуетті ақырғы қарызгерлер үшін қарыз алудың негізгі шарттары:**

|   |              |   |
|---|--------------|---|
| 1 | Мақсатты топ | <p>Шағын және/немесе орта кәсіпкерлік субъектісі :</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Алматы қаласында ресми тіркелген және қаржыландыру Жобасын жүзеге асыратын;</li> <li>- №1 Қосымшаға сәйкес ЭҚЖЖ басым салаларында Жобасын жүзеге асыратын;</li> </ul> <p>Ақырғы қарызгердің мәртебесі өтінім қабылдау күні тексеріледі.</p> <p>Бұл ретте Ақырғы қарызгер бола алмайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2010 жылғы 10 ақпанындағы №52 "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесін бекіту туралы» Бұйрығымен және/немесе Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы №145 «Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы» Қаулысымен және/немесе Қазақстан Республикасының өзге нормативті құқықтық актілерінде көзделген оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар, сонымен қатар оның құрылтайшылары (оның ішінде қатысушылары, акционерлері) оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар;</li> <li>2) «Мемлекеттік несиелік бюро» АҚ / «Бірінші несиелік бюро» ЖШС мәліметтеріне сәйкес өтінім беру күні екінші деңгейлі банктер/ лизингтік компаниялар/ микроқаржылық ұйымдар/ банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар алдында мерзімі кешіктірілген несиелік берешегі (қаржылық міндеттемесі) бар шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;</li> <li>3) Өтінім беру кезінде салық және бюджетке өзге міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары және бюджетке әлеуметтік аударымдар бойынша мөлшері АЕК-тің 10 есе мөлшерінен артық берешегі бар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері. Берешектің жоқтығы Ақырғы қарызгердің өтінім беру күні 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін мерзімнен кешіктірілмей берілген бюджетке міндетті төлемдер бойынша берешегі жоқ туралы мемлекеттік кіріс органдарының анықтамасымен расталады;</li> <li>4) Ертеректе ұсынылған бюджеттік несиелер бойынша берешегі бар шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі. Бұл ретте ертеректе ұсынылған бюджеттік несиелер бойынша берешегі жоқ екенінің растамасы шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің қаржыландыруға өтінімінде расталуы қажет;</li> <li>5) Құрылтайшысы (оның ішінде акционерлері, қатысушылары) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға (кепілдендіру құралы қолданылу кезінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардан өзге) тікелей немесе жанама тиесілі ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалар;</li> <li>6) мемлекеттік мекемелер;</li> <li>7) қазыналық кәсіпорындар;</li> <li>8) коммерциялық емес заңды тұлғалар;</li> <li>9) Банктің қауіпсіздік қызметімен оған қатысты анықтаған жағымсыз сипаттағы шынайы ақпараты бар шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі (микрокәсіпкерлікті қоса алғанда).</li> </ol> |
|---|--------------|---|

|    |                                      |  |
|----|--------------------------------------|--|
| 2  | Қаржыландыру мақсаты                 | - жаңа негізгі қаражат алуға және жетілдіруге;<br>- айналым қаражатын толықтыруға несиелер.  |
| 3  | Валютасы                             | Теңге  |
| 4  | Ең жоғарғы сома                      | Бір кәсіпкер үшін 180 млн. теңгеден көп емес   |
| 5  | Несие мерзімі                        | - жаңа негізгі қаражат алуға және жетілдіруге – 84 (сексен төрт) айға дейін;<br>- айналым қаражатын толықтыруға – 36 (отыз алты) айға дейін.   |
| 6  | Жеңілдікті кезең                     | Банк ұйғарымы бойынша белгіленетін, негізгі қарызды өтеу бойынша Жеңілдікті кезең - 12 (он екі) айға дейін.  |
| 7  | Сыйақының атаулы мөлшерлемесі        | Жылдық 7%  |
| 8  | Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі | 7,2% бастап*   |
| 9. | Комиссиялар және айыппұлдар          | <p>Не Банк тарапынан Ақырғы қарызгер үшін комиссия белгілеуге жол берілмейді, мыналардан өзге:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Ақырғы қарызгер бастамасымен несие шарттарын өзгертуге қатысты комиссиялар;</li> <li>2) есеп айырысу-кассалық қызмет үшін (аударым, айырбастау, шот жүргізу және т.б.) алынатын комиссиялар;</li> <li>3) несие өтінімін қарастыру үшін/ Бағдарлама бойынша несие беру үшін алынатын комиссия – Қарыз сомасының 1%-нан көп емес.</li> </ol> <p>Жасалатын Банктік қарыз шарты аясында Ақырғы қарызгер үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қарызды мерзімнен бұрын өтегені үшін айыппұл;</li> <li>• Негізгі қарызды өтеудің мерзімін кешіктіргені үшін өсімақы, әр кешіктірілген күн үшін кешіктірілген берешек сомасының 0,2 %-нан көп қарыз бойынша сыйақы белгілеуге жол берілмейді.</li> </ul>  |
| 10 | Қамсыздандыру                        | Банктің кепілдік саясатына сәйкес  |
| 11 | Шектеулер                            | <p>Ақырғы қарызгерлерге Қарызды келесі мақсаттарға беруге рұқсат етілмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға;</li> <li>- Ақырғы қарызгерлердің шаруашылық қызметінің шығындарын өтеуге;</li> <li>- Сенімді өкілдерінің (агенттердің) қызметін төлеуге;</li> <li>- Қарызгердің бұрынғы шығындарын өтеуге, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде Ақырғы қарызгердің қатысушыларынан/акционерлерінен/лауазымдық тұлғаларынан алынған қаржылай көмегін өтеуге;</li> <li>- Ақырғы қарызгерлердің ағымдағы қарыздарын/несиелерін қайта қаржыландыруға;</li> <li>- Қаруды, есірткі заттарын және/немесе азаматтық айналымнан алынған өзге заттарды және/немесе өзге мүлікті өндіруді және жеткізуді көздейтін жобаларды жүзеге асыруға;</li> <li>- Ойын бизнесін ұйымдастыруды/дамытуды көздейтін жобаларды жүзеге асыруға;</li> <li>- Террористтік және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілмейтін өзге кез келген қызметпен байланысты қызметті көздейтін жобаларды жүзеге асыруға;</li> <li>- Кез келген құнды қағаздарға инвестицияны көздейтін жобаларға;</li> <li>- Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2010 жылғы 10 ақпанындағы №52 "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар</li> </ul> |

|    |          |   |
|----|----------|---|
|    |          | <p>тізбесін бекіту туралы» Бұйрығымен және/немесе Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы №145 «Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы» Қаулысымен және/немесе Қазақстан Республикасының өзге нормативті құқықтық актілерінде көзделген оффшорлық аймақтарда тіркелген/ашылған заңды контрагенттердің заңдық мекенжайлары және/немесе банктік шоттарының деректемелері туралы ақпарат бар кез келген шарттарды/мәмілелерді/келісімдерді төлеуге.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кейіннен үшінші тұлғалар атына ресімделетін мүлікті/активтерді сатып алуға, сонымен қатар үшінші тұлғаларға тиесілі жер теліміне нысандар құрылысын жүзеге асыруға, мемлекет меншігіндегі жер теліміне құрылыс жүргізу жағдайларынан өзге;</li> <li>- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жалған және өтірік сипаттағы мәмілелерді төлеуге. Жалған және өтірік фактісі сот шешімімен анықталады.</li> </ul> <p>Ақырғы қарызгерлерге Бағдарлама бойынша қаражат есебінен әртүрлі банктерден біруақытта қарыз алуға рұқсат етілмейді.</p> |
| 12 | Өзгелері | <p>Келісім аясында қаржыландыру алған Ақырғы қарызгерлер "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына және кепілдік алу үшін Қордың өзге бағдарламаларына қатысуға өтініш беруге құқылы.</p>  |

\* Ақырғы қарызгерлердің қарыздарын қаржыландыру кезінде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес анықталады.

**Алматы қ. үшін экономикалық қызметтің жалпы жіктемесіне (ЭҚЖЖ) сәйкес басым салалардың кестесі**

| <b>ЭҚЖЖ бөлімдері</b> | <b>Атауы</b>  |
|-----------------------|---|
| 14                    | Киім өндіру   |
| 46.64                 | Тоқыма, тігін және трикотаж өндірісіне арналған техниканы көтерме саудада сату  |
| 47.11                 | Мамандандырылмаған дүкендерде көбінесе тамақ өнімдерін, сусындар мен темекі бұйымдарын бөлшек саудада сату            |
| 47.19*                | Мамандандырылмаған дүкендердегі өзге де бөлшек саудада сату.  |
| 47.21                 | Мамандандырылмаған дүкендерде жемістер мен көкөністерді бөлшек саудада сату   |
| 47.22                 | Мамандандырылған дүкендерде ет және ет өнімдерін бөлшек саудада сату  |
| 47.23                 | Мамандандырылған дүкендерде балық, шаян тәрізділерді және былқылдақ денелілерді бөлшек саудада сату                   |
| 47.24                 | Мамандандырылған дүкендерде нан-тоқаш өнімдері, ұннан жасалған және қантты кондитерлік бұйымдарды бөлшек саудада сату |
| 47.29                 | Мамандандырылған дүкендерде тамақ өнімдерін бөлшек саудада сатудың өзге де түрлері                                    |
| 47.51*                | Мамандандырылған дүкендерде тоқыма бұйымдарын бөлшек саудада сату   |
| 47.59.2               | Мамандандырылған дүкендерде музыкалық құралдарды және партитураларды бөлшек саудада сату                              |
| 47.61                 | Мамандандырылған дүкендерде кітаптарды бөлшек саудада сату  |
| 47.62                 | Мамандандырылған дүкендерде газет және кеңсе тауарларын бөлшек саудада сату   |
| 47.64                 | Мамандандырылған дүкендерде спорт жабдықтарын бөлшек саудада сату   |
| 47.65                 | Мамандандырылған дүкендерде ойындар мен ойыншықтарды бөлшек саудада сату  |
| 47.71**               | Мамандандырылған дүкендерде киімдерді бөлшек саудада сату   |
| 47.72*                | Мамандандырылған дүкендерде аяқ киім және былғары бұйымдарды бөлшек саудада сату                                      |
| 47.73.0               | Мамандандырылған дүкендерде фармацевтикалық тауарларды бөлшек саудада сату  |
| 47.74                 | Мамандандырылған дүкендерде медициналық және ортопедтік тауарларды бөлшек саудада сату                                |
| 47.78.2               | Мамандандырылған дүкендерде велосипедтерді бөлшек саудада сату  |
| 55.20.0               | Демалыс күндерінде және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдерінде тұрғын үй беру                                    |
| 55.90 ***             | Тұрғын үйдің басқа түрлері  |
| 56.1                  | Мейрамханалар және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша қызметтер  |
| 56.2                  | Тапсырыспен тамақ жеткізу және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша басқа қызметтер  |
| 73.11                 | Жарнама агенттіктерінің қызметі   |
| 77.21                 | Ойын-сауық және спорттық құрал-саймандарды жалдау және жалға алу.   |
| 85.10.0               | Мектепке дейінгі білім беру   |
| 93.13                 | Фитнесс-клубтардың қызметі  |
| 96.02                 | Шаштараздардың, сән салондарының қызметтерін ұсыну  |
| 96.04                 | Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі  |

\* - 3 млн теңгеге дейінгі несиелер бойынша Қазақстан Республикасындағы өндіріс Сертификатының растамасы қажет;

\*\* - 3 млн теңгеден асатын несиелер бойынша Қазақстан Республикасындағы өндіріс Сертификатының растамасы қажет, «былғары өнімдерінің бөлшек саудасы» класынан өзге;



\*\*\* - «Жұмыс ауылдары» және «темір жолдық ұйықтау вагондары» қызметінің түрлері үшін Бағдарлама аясында қаржыландыру қолданылмайды.